



Астана қ.

10.08.2015 ж.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана қаласында Қазақстан Республикасында қосымша білім беру жүйесін дамыту туралы «Балалар шығармашылығы әлемін ашамыз» Республикалық онлайн-конференциясы өткізіледі

Қазақстан Республикасында қосымша білім беру жүйесін дамыту туралы «Балалар шығармашылығы әлемін ашамыз» Республикалық онлайн-конференциясы (бұдан әрі – онлайн-конференция) 2015 жылғы 10 тамызда онлайн тәртібінде өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы онлайн-конференцияның ұйымдастырушылары болып табылады.

Онлайн-конференцияның жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысады.

Қазақстанның білім беру саясаты, білім жүйесіндегі жалпыұлттық қызығушылықты қамтып көрсете отырып, әлемдік дамудың жалпы үрдісін ескере отырып, балалардың қосымша білім берудегі маңызды өзгерістердің қажеттілігін шарттайды.

Ұлт Көшбасшысының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастарға жоғары рухты, азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеуге, қазақстандық қоғам игілігіне еңбектенуге дайын болуға, жаңа қазақстандық патриотизмді және бірлесу сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі таңда балаларға қосымша білім беру әлеуметтік талап етілуде және қоғам мен мемлекет тарапынан үнемі қолдауды қажет етеді. Ол тұлғаның сан қырлы дамуына мүмкіндік береді, оның кәсіптік бағдар таңдаудағы қабілетін ерте ашады.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

Онлайн-конференция жұмысының барысында Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдері жобасында анықталған мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған қосымша білім беру жүйесінің ең маңызды қызметінің ең маңызды аспектілеріне және даму келешегіне назар бөлінеді.

Сонымен бірге ата-аналар қауымдастығы, үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдары арасында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру, қосымша білімнің құқық бұзушылықтың алдын алуға әсер ету мәселелері талқыланатын болады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың маңызды аспектілерін талқылау балалардың дамуға және өзін-өзі жүзеге асыруға, әр түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға, сабақтан тыс қызметтегі уәждеме әлеуетін дамытуға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған келешектегі басымдылықтарын анықтауға көмектеседі.

Республикалық кеңестің қорытындысы бойынша ұсынымдар қабылданады.

Өткізу орны: Астана қ., министрліктер үйі, 11-подъезд, 907-кабинет.
Өткізу күні және уақыты: 10 тамыз, сағ. 15.00.

Қосымша ақпарат алу үшін мына мекен-жайға хабарласыңыз: Астана қ., Кенесары көшесі, 40. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.

байланыс телефондары: 8 /7172/ 249-309, 249-307.